

Әлеуметтік психология пәнінің қоғамда алатын орны



Әлеуметтік психология

Әлеуметтік психология құбылыстарының заңдылығын зерттейтін психологияның саласы, яғни: мінез-құлықтың ерекшелігін, адамдардың қарым-қатынасын, индивидтердің кіші және үлкен әлеуметтік топтарға қосылуын зерттейді.

Әлеуметтік психология ұғымының мәні

Әлеумет

Психология

Педагогика

Адам

Тұлға

Социум

Қоғам

Байланыс

Ғылымның пайда болуы

Ғылым бүткіл органикалық дүниенің мәңгі бақи бір қалыпта тұрмайтынын, ол сан алуан сапалы өзгерісер нәтижесінде пайда болғанын жаратылыстану ғылымдарының мәліметтеріне сүйене отырып түсіндіреді. Біз адам психикасы бірден жасалмағанын, оның өзі жануарлардың өткендегі талай ғасырлық даму жолдарымен біртіндеп даярланғандығын, екеуінің арасында сабақтастық байланыс бар екендігін жақсы аңғарамыз.

ӘП-ның ғылыми білім жүйесіндегі орны

- Әлеуметтік психология – әлеуметтану бөлімі.
- Әлеуметтік психология – психология бөлімі.
- Әлеуметтік психология – психология мен әлеуметтанудың түйіскен түріндегі ғылым

Әлеуметтік психологияның қазіргі таңдағы маңызы

Әлеуметтік психология қоғамда болып жатқан саяси әлеуметтік құбылыстардың сырын түсінуге, олардың қорытынды шығарып, қоғамның даму бағытын айқындауға, ірі топтарды және тұтас қоғамды басқаруға бағытталған шараларды айқындай отырып, оны стратегиялы жолға салып отыруға көмектеседі. Сондықтан ғалымдар бұл ғылымның болашағы зор, ХХІ ғасырда жетекші орындарға шығады деп есептейді.

Әлеуметтік психологияның зерттеу объектілері

- - Адамдар арасындағы ақпарат алмасу және өзара алмасу заңдылықтары. Атап айтқанда қоғамдық және тұлғааралық қатынастар құрылымындағы жүздесудің ролі. Оның құрылымы атқаратын қызметі жүздесу үдерісінде әсер ету амалдары.
- Таптар мен ұлттар сияқты ірі және еңбек ұжымы мен отбасы сияқты шағын әлеуметтік топтардың психологиялық мінездемелері. Бұған қоса ұжымдық, басқару және жетекшілік топ болып шешім қабылдау, топ қызметінің тиімділігі сияқты үдерістерді зерттеу.
- - Тұлғаның әлеуметтік психологиясы оның коммуникативтік сапалықтарына талдау жасау, әлеуметтану мәселелері, әлеуметтік мақсаттардың қалыптасуы және ауысуы т.б.

ӘП-да адамдардың қарым-қатынасы:

- Бірлескен іс-әрекеттегі қажеттіліктен туындаған адамдар арасындағы ақпарат алмасу, байланыс орнату және оны дамытудың күрделі, көп жоспарлы процесі.
- Білім мен мәдениеттің компоненті, оның бөлінбейтін бөлшегі іспетті адамзаттық дүниетанымы мен сана-сезімін жетілдірудің ерекше жолы. Тұлғаның қарым-қатынас және қабілетін саналы көзқарастарын, ізгілікті қарым-қатынас орнатуына, рухани адамгершілік құндылықтарының қалыптасуына, жүйелі іс-әрекет жасауына, дұрыс шешім қабылдауына мүмкіндік береді.
- Бір адамның басқа адамдармен қоғам мүшесі ретінде өзара әрекеттесуінің арнайы формасы.
- Тұлғаның танымдық іс-әрекетінің дамуында маңызды орын алады. Кез келген адамның психикалық дамуы қарым-қатынас процесінен тыс болмайды. Тұлғаның ақыл-ойының даму деңгейі оның теориялық білімі мен практикалық іс-әрекеті барысында жүзеге асырылады.